

Р.С.Тұрысбек 

ф.ғ.д., профессор

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана, Қазақстан

Rst58@mail.ru

А.Е. Алимбаев* 

Философия докторы (PhD), аға оқытушы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана, Қазақстан

aslan_alimbaev@mail.ru

ЕЛДІК МӘНІ МЕН ЕРЛІК РУХЫ

Аңдатпа. Ұлт тарихнамасына жіті ден қойсақ, арғы-бергі кезеңдерде жасаған даңқты тұлғалар, танымал хандар мен батырлар, ақын-жыраулар мен би-шешендер, елбасылар мен қолбасылар, ардақты аналар, атақты адамдар, өнегелі өмір иелері көп-ақ. Олар, әсіресе ел амандығын, жер бүтіндігін, отан мен отбасы бірлігін, тарих пен таным тоғысын, өмір өрімін, тәлім-тәрбие мәнін, татулық пен тұтастық миссиясын адал атқарды (мысалы, Еділ (Аттила) қаған, Бәйдібек, Домалақ ана, Күлтегін, Тоныкөк, Қорқыт, Әбу Насыр әл-Фараби, Қарахан, Айша бибі, Қарабура, Ж. Баласағұн, Қ.А. Ясауи, Майқы би, Байбарыс сұлтан, Асан қайғы, Жиренше шешен, Керей хан, Жәнібек хан, Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, Бұқар жырау, С. Датұлы, Бөлтірік шешен, М. Өтемісұлы, С. Аронұлы, Жамбыл, Ыбырай, Абай, Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытұлы, Т. Рысқұлов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсрепов, Ә. Қастеев, А. Жұбанов, Б. Момышұлы, Д. Қонаев, К. Бәйсейітова, Н. Тілендиев, Т. Әубәкіров т.б.). Мұның, әсіресе қазіргі кезеңде мәні артып, маңызы айрықша болып табылады. Тәуелсіздік діңгегі, Жаңа Қазақстанның талап-тілегі де ел дамуын қамтамасыз ету, ататарихқа құрмет, әлемдік үдерістерге, өркениет өрісіне сай болу екендігі анық. Мұның мәнісі: ұлт тарихнамасына адалдық, адам өмірі мен еңбегіне құрмет, елдік-ерлік дәстүрге беріктік, тәлімді тәрбие өрісіне саяды.

Тірек сөздер: шежірешілдік, жыр-толғау, аңыз-әңгіме, үндестік, шешендік өнер, сөз өнері.

Кіріспе. Ұлт тәуелсіздігі ел тарихының арғы-бергі кезеңдерін жіті танып, оқып-білуге, зерттеп-зерделеуге де кең өріс ашқаны анық. Ел дамуының жаңа тарихы, руханият арналарының арғы-бергі кезеңдері, болашақ бел-белестері туралы іргелі ізденістер мен зерделі зерттеулердің жүйелі бағыт алуы, сөз жоқ ұлт болашағын айқындайтын маңызды факторлардың қатарына жатады. Бұл ретте, әрине «Мәдени мұра», «Халық – тарих толқынында», «Ғылыми қазына», «Рухани жаңғыру» сынды байыпты

бағдарлама мен жүйелі жобалардың кең өріс алғанын айрықша атар едік. Бұдан басқа, «Мәңгілік ел» мұраттарының асыл қайнарлары, «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу», «Халықтың тұтастығы мен ұлттық тарих» жылдары (1997-1998), Наурыззнама кеңестігі, Алаш арыстарының ақталуы, сөз жоқ қоғам дамуының бағыт-бағдарына, жаңашылдық реформалардың үлгілі үрдістеріне кең өріс, тың тыныс, соны серпін берді. Елбасының: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (2017), «Ұлы даланың жеті

қыры» (2018), ҚР Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» (2020), «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» (2021) сынды терең мәнді бағдарламалық мақалаларынан да ел тарихы мен дамуының мың сан арналары, жаңашылдық пен жасампаздықтың, іргелі ізденіс пен игілікті ізгіліктің оңды қырлары мен ұнамды сипаттары терең танылады [1].

Бұдан байқалатыны, ұлт тарихы, ел мүддесі, адам мен оның өмірі, еңбегі мен дәстүрі, дүниетанымы мен тарихы, тұрмыс-тіршілігі т.т. мәні мен орнының маңызы зор. Осы тұста ойға алар жәйт, қазақ әлемінде ауызша тарихтың, ел аузынан жеткен әңгімелердің қай-қайсысында да өткен кезеңнің қилы көрініс, сыр-сипаттары анық-қанық танылып, терең де жүйелі орын алғаны байқалады. Халық жады мен зердесі де терең танылады. Еске түсірсек, әсіресе: «...Естігенін ұмытпайтын, құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естігені, көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан-ауызға алып айтуымен үлгі-өсиет қалдырған» [2,9].

Мұны, сөз жоқ қазақ шежіресінің табиғаты мен тағылымынан да анық аңғаруға болады. Атап айтқанда, профессор А. Сейдімбек «Қазақтың ауызша тарихы» атты зерттеуінде былай деп жазады: «Қазақ шежірешілдігін адамдардың жады арқылы жеткен тарих деуге болады. Яғни, адамдардың ауызша баяндауынсыз шежіренің жанрлық болмысы бүтін болмас еді. Бұл ретте, шежіреге төл ерекшелігі бар әдеби шығармашылықтың оқшау сипаттағы үлгісі ретінде қарауға болады. Шежіреде ел-жұрттың әлеуметтік-саяси өміріндегі нақтылы хроникалық деректен гөрі сол әлеуметтік-саяси өмірдің типтендірілген сипаты көбірек көрініс тауып отырады. Шежірелік аңыз-әпсаналар мен әңгіме-

хикаялар ел-жұрттың әлеуметтік, экономикалық, саяси, құқықтық, салт-дәстүрлік, әсіресе, моральдық-этикалық қасиеттерін айғақтайтын дерек-мағлұматтарға тұнып тұр. Бұл ретте, қазақ шежіресі (шежірешілдігі) кімнің кімнен өрбігенін білдіретін есімдер тізбесі ғана емес, алдымен сол адамдардың мың-сан тіршілік-тынысы туралы айтылатын тарихи ақпарат тұрғысында ден қойдырады. Өйткені, қазақтың қария сөздерінің аясында ұрпақтардың генеалогиялық сабақтастығы ғана баяндалып қоймайды, ең бастысы, нақтылы тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы эпикалық жыр-толғаулар, тарихи аңыз-әңгімелер, ғибратты шешендік сөздер мен мақал-мәтелдер, әсіресе ситуациялық мысалдар генеалогиялық ақпараттың негізінде мазмұнына айналып отырады. Яғни, қазақ шежіресін (шежірешілдігін) халық болмысының барлық қырын алуан түрлі үлгіде паш ететін тарихи ақпарат қоймасы деуге болады» [3, 13].

Зерттеу шарттары мен әдістері. Мақалада талдау, тарихи-салыстырмалы, жинақтау әдістері қолданылған. Мақалада бүгінгі руханиятқа қатысты, оның ішінде әдебиеттану мен тарих ғылымындағы тұлғатану мәселелері талданға.

Зерттеу нәтижелері. Осы орайда, ел тарихының сындарлы кезеңінде өмір сүріп, «тар жол, тайғақ кешулерді» бастан өткеріп, ұлт азаттығы жолында батырлық болмысымен, қаһарман-қайсар келбеттерімен жұрт аузына ерте ілінген, әрі әулие-көріпкел, би-сұлтандар қатарының да қалың болғанын аңғарар едік (Қазақ фольклористикасы – 1972; Ел аузынан – 1985; Тарихи тұлғалар – 2005 т.т.). Осы жәйттерді еске алғанда, атап өтер басты өлшемдердің бірі: «Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу – қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс.

Қазақтың қария сөздерінде, яғни шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы танылып отырады. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс табады. Содан да болу керек, қазақтың дәстүрлі философиялық пайымдауында өмірді өзгертуден бұрын, алдымен, адам санасын шыңдауға көбірек мән беріледі. Дәл сол сияқты шежірелік дәстүрде де қоғам дамуының жалпы ахуалынан бұрын, алдымен адам туралы мағлұмат беру басты нысана болып отырады» [4,3].

Мұның мәні терең әрі мағынасы мен маңызы зор. Ұлт тарихнамасы мен ғылым салалары тарихында да алар орны алабөтен болып табылады. Еске алсақ, бір ғана халық әдебиеті, ондағы шындықтар мәні зор: «...фольклор дегеніміз – тек қана ел арасына тараған ауызекі шығармалар емес, фольклор – халықтың бұрынғы замандарда өмір сүрген бабалары шығарып, пайдаланып, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп, бүгінгі дәуірге жеткізген руханият. Ол – көп салалы, сондықтан көп сипатты және көп функциялы, синкретті руханият. Өте ерте заманда туып, жүздеген ғасырлар бойы өмір сүргендіктен фольклор ежелгі қоғамның дүниетанымы және мәдениеті болған. Үнемі қолданыста болғандықтан, ол – адамдар тұрмысының қажетті бөлшегіне, атрибутына айналған. Ұзақ тарихи дамудан өткен фольклор біздің дәуірге сөз өнері әрі мәдени мұра түрінде жетіп отыр. Міне, осының бәрі фольклорды әдебиеттен әлдеқашан бұрын пайда болып, өзіндік көркем жүйе қалыптастырған сөз өнері деп тануға негіз болмақ» [5, 301].

Осы реттен келгенде, халық әдебиеті нұсқалары мен ел әңгімелері арқылы ауыздан-ауызға тарап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жеткен ұлттық тарихнаманың жарқын көріністерінің

бірі – есімі мен еңбегі, өмірі мен өнегесі жалпақ жұртқа танымал тұғырлы тұлғаларды айрықша атаған жөн. Мұның мысал-деректерін арғытарихтан да, кеше мен бүгіннің шынайы шежіресінен де көптеп кездестіруге әбден болады. Бұл қатардың бел ортасынан – Жылқайдарұлы Жолбарыстың (1671-1761) батыр әрі би, әулие әрі көріпкел болғанын тарихи деректер, шежіре шерткен сырлар мен ел аузынан жеткен әңгімелер жиынтығынан, бірқатар аңыз, әфсана, рауаят, хикаяттар желісінен де айқын аңғаруға болады. Мұның тысында, БАҚ жүйесі, «Жалайырлар» ататек шежіресі, Әбілғазының «Түрік шежіресі», Қ.Жалайридің «Шежірелер жинағы», Ш. Құдайбердиевтің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм шежіресі», Д. Толқымбекұлының «Жалайыр он екі ата шежіре», О. Исмайловтың «Әлем тарихындағы Жалайырлар», «Данагой» т.с.с. тарихи-танымдық һәм өмірбаяндық еңбектерден де Жылқайдарұлы Жолбарыстың көп қырлы қасиеттері (батыр әрі би, әулие әрі көріпкел, бітімгер әрі батагөй) кең көлемде көрініс береді. Бәріне ортақ баян мен мазмұн желісінен – Жылқайдарұлы Жолбарыстың алыс-жақын жұртқа – «Шұбар-Ата» аталып, әкесі – Жылқайдар, бабасы – Байтоқ, үлкен бабасы – Сүйіндік, ұлы бабасы – Сомбақ, түп атасы – Күшік екені кеңінен көрсетіледі. Бұдан байқалатыны: «...Жолбарыс би ел ішінде ой түйіп, сөз ұстап, әділ төрелігін айтумен бірге, бүкіл бір халықтың болашақ ұрпағын тәрбиелеуде де теңдессіз қызмет атқарған. Есімі ұранға, ерлігі азаттық жолындағы символға айналды. Оның азаматтық келбеті, қаһармандық жолы ұрпақ жадында мәңгі орнығып, тәуелсіздік жолындағы күресі мен ұлы істері болашаққа аманат болып қалмақ» [6].

Орайлы тұста, «Жалайырлар» атты ататек шежіресінің – 3-кітабынан «Күшік» (Қосай) сынды бабалар өмірінің өсіп-өрбіген ұрпақтар жалғастығына, кеше мен бүгіннің сабақтастығына кеңінен көз жеткізуге әбден болады (Талдықорған: «Алтал» ЖШС, 2005. - 505 бет). Аталған кітаптың басым бөлігін алған – «Күшік» (Қосай) ататек шежіресі қазақ тарихының бастау кезеңдерінен қазіргі даму үрдістері аралығын, яки ұрпақтар жалғастығы мен сабақтастығын кең көлемде қамтығаны танылады. Әрі ататек шежіресінің бағыт-бағдары, жүйе-желісі белгілі бір арна, қалыпты қағидаттар аясында жүзеге асқаны, көпке жеткені де анық-қанық байқалады.

Зерттеу нәтижелерін талқылау.

Ақиқат тұрғысынан қарасақ, арыдағы арналардан бастау алатын – Қазақ шежіресі, оның ішкі бөліктері (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) мен тармақтары, келесі кезекте – Жалайырдан тарайтын: Байманақ, Қайманақ, Бірманак, Сырманак, Шуманақ сынды шежірелер сыр-сипаттарынан да ерте кезеңдердің көрінісі мен даму бағыттарынан, үрдіс-сипаттарынан, өзіндік тарихнамасынан да анық аңғарылады. Ал, Күшіктен (Қосай) тараған – Сомбақ, Жабысқақ, Қарасақал, Таз, Сары сынды ататек тарихнамасы да арғы кезеңнің ақиқат жайттарынан, бел-белестерінен мол сыр тартады.

Анығында, кітап мазмұнымен танысқан тұста Жылқайдарұлы Жолбарыстың өмірбаян беттері, әсіресе өмірге келу сәті, есею-өсу кезеңдері, тіпті бастапқыда - «Әй, бала!» атанып, сосын он жыл төңірегінде асатаяқты мүсәпірдің Жылқайдар үйін бетке алып, балаға азан шақырып, үш рет атап, есімін – Жолбарыс қоюы кім-кімді де бей-жай қалдырмайды. Керісінше, есімі мен есею кезеңдері, болмысы мен жаратылысы, өмір белестері назар

аудартады. Бертінгі кезеңде замандастары мен ұрпақтары өңі шұбар, әрі бетінде секпілдері болғандықтан, тіпті екі жауырыны мен төсінің ортасында қызыл күрең мөр – мені бары да ескеріліп, оны «әулиелік нышаны» ретінде танып-қабылдағандықтан, «Шұбар - Ата» аталып та кетеді.

Тегінде, Ж. Жылқайдарұлының жасынан зерек, батыл да өжет болып өсуі ерте танылады. Әкесі Жылқайдар өз кезеңінде дәулетті, бақуатты болғаны көрінеді. Алыс-жақынға байлығынан бөлек, отбасындағы ұстанымы да елдің жадында сақталады. Алғашқы балаларына енші беріп, бөлек шығарғаннан кейінгі кезеңдегі көріністер Жолбарысқа едәуір әсер етеді. Тиісті тұста: - Маған неге енші бермедіңіз? – деген көңілдегі күпті ойларын да жасырып қала алмайды. Әкесі сонда: - Саған деген шұбар айғырды үйірімен барымташылар алып кеткен. Шұбар айғыр мал басы еді, енді сол жылқыларды іздеп тауып ал!- деген жауап сөздерін анық-қанық айтады. Әке сөзі мен жауабы Жолбарысқа әсер етеді. Жан-жүрегінде мазасыздық орын алады. Көңіл толқындарында ар-намыс отының ұшқындары пайда болады. Барымташылар мен шұбар айғырдың жайы да көңілін алаң етеді. Әр қилы ойлар желісі жанын мазалап, көңіліне тыншу бермейді. Арада едәуір уақыт та өтеді. Күн артынан күн өтіп, уақыт-сынап та сырғи береді. Сәтті күні: – Тәуекел!-деп бойды тіктеп, белді бекем буады. Араға бірер күн салып, әкесінен бата алған Жолбарыс жолға шығады. Бай ауылына да кедергісіз жетеді. Жолбарыс барымталанған жылқылары жөніндегі негізгі ойларын әңгіме арасында-ақ бүкпесіз баяндайды. Бай өз кезегінде Жолбарыстың батыл да табанды, өжет екенін аңғарады. Жаратылысы мен батырлық болмысына ден қояды. Сөз жүйесі мен ой тереңдігіне де мән береді.

Өз кезегінде бай өткен-кеткенді еске түсіреді. Артық-кем тұстарын таразыға тартады. Бір мезет көңілді кеңге салады. Жақын-жуықты жинап, ағаттықтың жай-жапсарын жан-жақты бағамдайды. Жолбарысты қонақ етеді. Тай сойып, құрметін де көрсетеді. Жылқыларын өсімдерімен толтырып, кері қайтарады. Бұдан кейінгі кезеңдерде Жолбарыстың айналасынан адам, алдынан мал үзілмеген көрінеді. Оның үстіне бойындағы бірқатар қасиеттері көрінген еді. Ел ішінде сөз бастап, түйінді тұста мән-маңызы жоғары, салмақты шешім қабылдап, бәтуәлі бітім айтады. Дуалы сөзі көпке жетіп, батылдығы мен әулиелік, көріпкелдік қасиеті де алыс-жақынға жетеді. Бастарындағы ауыртпалықтарын айтып, бойларын ауру мендеген, кедергі-қайшылықтарға ұшыраған, зират басына түнеген мәжбүрлі жандар алдына үздіксіз келіп жатады. Осы тұста әлжуаз топ, мәжбүрлі жандар бүгілген белін жазып, қабақтарын ашып, жүздеріне шырай үйіріліп, пайдалы дәрумендерге қол жеткізіп, жан жылуына бөленіп, дертінен құлан таза айығатын болған.

Бұдан басқа, Жолбарыс көбінде ел жағдайын барлап-болжап, көшіп-қону мәселесімен де айналысқаны байқалады. Ауа райын болжап, құмалақ салып, ел ертеңіне, оның тыныс-тіршілігіне де назар аударады. Тиісті тұста өзі байқаған, анық-қанық жайттар жөнінде жұртқа дер кезінде жеткізіп отырады. Бұл тұстардан Жолбарыстың әулиелігі мен көріпкелдігі танылады.

Өз кезеңінде Жолбарыс ел басқарған, қол бастаған, сөз ұстаған Төле бимен және Балпық пен Ескелді билермен де кездесіп, ел-жер жайы, дәстүр мен тарих төңірегінде кенес құрады. Балпық пен Ескелді билермен араласып, ақиқат пен әділдік, батырлық пен бірлік, ұлт пен ұрпақ, отан мен отбасы, тәлім-тәрбие төңірегінде әңгіме-

дүкен құрып, сыр-сұхбат өткізгені де ел аузындағы аңыз желісінде, бітім шешімі мен шешендік сөздерде сақталғаны бүгінгі күні де айтылады. Бұл ретте, әрине Жолбарыстың Балпық бимен бірнеше кездесуін еске алуға әбден болады. Әр кездесу өзінше мәнді, әрі өмір белестері мен өрнектерінен хабардар етіп отырады. Балпық бидің балаға қатысты көзқарасы мен құштарлығын, ақ тілеуі мен сағынышын да аңғартады. Осы тұстағы Жолбарыстың батасы төмендегіше естіледі:

*Ғайып ерен, қырық шілтен,
Көзіңнің қырын салып өт.
Қыдыр дарып, бақ қонып,
Қолдап жібер құдірет.
Ақ көңілден айтылған,
Тілекті, алла, қабыл ет*

Жан-жүректен, шын көңіл-ниеттен айтылған мәнді ойлар желісінен бата-тілектің ақиқат жайттарға негізделген кіршіксіз тазалығы, әділдік пен әділеттілікті арқау еткен шынайылық сырлары терең танылады. Әрі билер тобында болып, ел ішіндегі даудамайлардың оңды қырын, бітімді шешімін айтады. Билік пен ділмар сөзін, нақыл-өсиет, тәлімдік тәжірибесін де жүйелі жеткізеді. Маңыздысы, Жолбарыстың есімі мен еңбегі алыс-жақынға жетіп, батырлық болмысы, ділмар сөзді ұстаған – шешендігі, ақиқатын айтып, дұрыс бағыт-бағдар беретін – біртуар табиғатынан табанды да өткір, өжет мінезі танылады. «Шұбар-Ата» - Жолбарыстың өмірбаян беттерінің бірқатар белестері мен өрнекті өрістерінің көпке мәлім қырларының бір сарасы осы.

Ал, фольклоршы-қаламгер Ораз Исмаиловтың «Данагөй» атты еңбегінде батыр әрі би, әулие әрі көріпкел Жылқайдарұлы Жолбарыстың (1671-1761) ХҮІІ ғасырдың соңғы ширегі мен ХҮІІІ ғасыр ішінде өмір сүрген кезеңі, өмірбаян беттері, қоғамдық жағдай мен

әлеуметтік ахуал көріністері, елге қызметі әр алуан аңыз желісі, әфсана, хикаяттар негізінде байыпты баяндалады. Әрі атап өтерлігі, автордың өзі: «...кітапта Жылқайдарұлы Жолбарыстың батырлық, би, шешендік, әулие, көріпкелдік қабілет-қасиеттері көп нұсқалы әңгіме, аңыз, әфсана, рауаяттар негізінде баяндалады. Оның дені атадан балаға, баладан бүгінгі ұрпаққа дейін үзілмей келген шежіре, естелік әңгіме түрінде жетіп отыр», - дегенді анық жазады. Оның бірқатар дерек-мысалдары жұрт жадында, көпке жүйелі жетеді.

Келесі кезекте Жетісу жеріндегі мәшһүр тарихи тұлғалардың қатарында «Шұбар-Ата» аталған – Жылқайдарұлы Жолбарыстың көп қырлы белгі-ерекшеліктері шежірелік жүйемен (ататек) жан-жақты байытылады. Әсіресе, жаратылысынан ерекшелігі бар, он жастан асқанша лайықты ат қойылмай, «Әй, бала!» атанған – Жолбарыс жасынан балуандық пен батырлық қасиеттері танылған екен. Алысқан-белдескенді тізе бүктірген, жауласқан-жұлысқанды қаһармандық болмыспен, амал-айла, әрекет-қимылдарымен жеңіп отырған. Тіпті еншісін барымташыларға барып, батырлық болмысын танытып, қайтарып алған сәттері көп жайды аңғартса керек. Батырлық болмысы мен бітім-шешімге толы ділмар сөз жүйесі –ақыл-парасатымен астасып, бірін-бірі байытып, толықтыра түседі. Бәрінде бәсі биік болған-ды. Ал «шұбарлығына» келсек, оның өзі: «...екі жауырыны мен төсінің тұсындағы періштенің басқан мөрі делінетін – баданадай, баданадай қызыл-күрең, көктеңбіл мендерге байланысты айтылса керек» (15-бет).

Бұдан бөлек, Жетісу жеріндегі тарихи тұлғалардың бел ортасынан көрінетін – Жолбарыстың түп атасы: Күшіктен бермен қарайғы ататек жайы

да назар аудартады. Әуелден, таңбасы – тарақ, ұраны – Байтоқ, Жалайыр ішіндегі - Күшік елінің Жылқайдардан туған бес бала болады (Жолымбет, Есенгелді, Жолбарыс, Төлебай, Мақар). Тіпті бертіңгі – Байтоқтан тараған, Жылқайдардан өрбіген Жолбарыстың (9 әйелі болған) өзінен – 15 бала өмірге келіп, өмірдің әр саласынан орын алады. Ал, Жолбарыс болса, жаратылысынан батыр тұлғалы, жауырыны жерге тимеген балуандылығы бір бөлек әрі би, әрі әулие һәм көріпкел қасиеттерімен де көпке мәшһүр болады. Орайлы тұста еске алсақ, ел аузындағы әңгімелердің бірінде жылқыдан бөлініп, қапияда көз жазып қалған қасқа құлынды арнасынан асқан, ағыны қатты, айбынды-айдынды, асау толқынды өзеннен жалынан ұстап, жағаға алып шыққан сәттері қызықты да әсерлі айтылады. Бастапқыда көпшілік әрі-сәрі күй кешіп, аңтарылып қалған кезде, шұғыл шешімге келуі, арнасы кең, ағыны қатты толқынды өзенге өзгеше екпін-серпінмен түсуі қайран қалдырады. Жеке бас мүддесіне ерік бермей, қорқыныш-үрейді кейін серпіп, ортақ іске белді бекем буады. Өзіне сеніп, бойына күш-қуатын жинайды. Ағынды ағысқа қарсы жүзеді. Асау толқынмен алысып, құлын тағдырына араша түседі. Әр қилы әрекет, қимылдар жасап, қас-қағым сәтте бір батып, бір көрінген қасқа құлынды жалынан бекем ұстап, жағаға жетуі де таңқаларлық сирек құбылыстардың бірі еді. Тіпті осы тұста екі жауырыны мен төсіндегі табиғи таңба – қалдарының көпшілік көзіне түсіп, нәтижесінде – «Шұбар – Ата» атанған сәттері де жиналған жұртты бей-жай қалдырмайды.

Ел аузындағы аңыз-әңгімелердің бірінде қазақ-қырғыз бас қосқан аста қойдың етін жалғыз жеген адамға алты жүз аттың алды – Желжүйрік бәске тігіледі. Тіпті: ұтса - алады, ұтылса - тай тұяқ алтынды ортаға салады!-дегенді

қырғыз бауырлар ашық жариялайды. Көпшілік арасында үміткерлер көп болады. Бәрінің – Желжүйріктен үміті бар. Бірақ, бәрі де тиісті тұста алдарына көрсетілген: «құйрығы тегенедей құнан қой көлденең тартылған кезде айнып кетеді». Орайлы тұста – Жолбарыс жұрт алдына шығады. Адымы нық, еңсесі биік, жүзі жарқын, көзінен от ұшқындары анық аңғарылады. Өзіне бек сенімді екені байқалады. Сөзі де анық естілді: «- Мен жеймін!- дейді, алтын балдақты алмас қылыштың жүзіндей қылпып тұрған Жөкең. – Тек екі түрлі шарт қоямын: бірі етті сілікпе ғып пісіресіздер (сілікпе – ет қазанға түгел салынған соң, қазанның орта шеніне дейін су құйылып, тұзын татытып, сорпасының көбігі алынған кезде қазанның қақпағын тарс жауып, тұмшалап, әбден піскен кезде кез келген сүйегін қолыңызға алып, бір басынан ұстап тұрып сілкіп қалсаңыз, барша еті екінші басынан сыпырылып түседі екен. Дәмін, адамға сіңімділігін айтып болмайды, екінші шартым – бір самаурын қара суды қайнатып, құйып беріп отырасыздар!

Қырғыздар бұған құба-құп келісе кетеді.

Сонымен, сілікпе ет пісіп, алдына тартылған кезде Жолбарыс үш астау алғызады. Оның біріне – еттің қаракесектеулерін, екіншісіне – майлысын, үшіншісіне – ішек-қарын, оны-мұныларын салдырады. Содан соң қаракесек еттен екі асап, майлы еттен бір асап, ішек-қарынды араластыра отырып, шайнамай жұтып, қайнаған қара суды сораптай береді. Сөйтіп, барлық етті бір шай қайнатым уақытқа жеткізбей-ақ жеп болады да, кермедегі кербесті – Желжүйрікті тізгінінен ұстайды. Артынша Ыстықкөлдің тұңғиығына сүңгіп-сүңгіп алып, елге қарай тартқан екен ғой, жарықтық» (24-25-беттер).

Ел аузынан жүйелі жеткен әңгімелердің бірі – Жолбарыстың қой егін көпшілік бас қосқан аста өз бабымен реттеп, тиісті тұста бірқатар шарттар да қойып, нәтижесінде бәске тігілген – Желжүйрікті өз меншігіне айналдыруы, ешбір дау-дамайсыз атқарылады. Әрі батырлық болмысына, әрі бітімді шешіміне, табандылығы мен төзімділігіне жұрт риза көңілдерін білдіреді. Халықтар қарым-қатнасына сына түсірмей, керісінше елдік ұстанымға берік табан тіреп, ортақ шартқа адалдық танытады. Жауапкершілік жүгін биік ұстап, батырлық болмысы мен табандылығын, қайратты қырын көрсетеді.

«Шұбар – Ата» - Жолбарыстың жоңғарлардың шапқыншылығы кезіндегі ел-жерге құрметі, батырлық болмысы мен жауапкершілік жүгін терең сезінуі, шын мәнінде адамдық борыш пен адамгершілік қасиеттерін де кеңінен көрсетеді. Әсіресе, «Тиіп қашу» әдісі арқылы Ескелді екеуі қол бастап, соғыс шебін бұзып, қиын кезең, сындарлы сәтте жаудың ұрымтал тұсын дәл табады. Жау шебіне өтіп, келесі кезекте: «...Ел әлі ұйқыда жатқан – таңсәріде күтпеген жерден атой салған қазақтар қалмақтардың үш қолын бір-бірлеріне қостырмастан тұтқиылдан шабуылдап тас-талқан етеді.

Жолбарыс ұсынған тәсіл мен тәуекелшіліктің тиімділігіне көздері жеткен Ескелді би мен Балпық батыр да содан бастап былайғы соғыстар үстіндегі барлық қорғаныстар мен шабуылдардың басшылығын Жолбарысқа біржолата басқартып отырыпты» (29-бет). Әрі бұдан кейінгі жерде елден шығып, соңына ерген азаматтарға, әсіресе өз бауырлары – Жолымбет, Есенгелді, Төлебайларды да қорғаныс пен қоршаудан шығу тәсілдеріне баулып-үйретіп, тіпті кіші қолбасшылыққа бекіткен тұстары да болады. Олар да өз

кезегінде жорықтарға жиі шығып, дос сүйсініп, дұшпан күйінерліктей даңқты қолбасшылар қатарына енгені де жұрт жадында қалған екен. Негізгісі, ел-жерге қырағы, ұлт мұраты мен ұрпақ қамына сергек қарайтын бірегей қасиеттерімен де көпшіліктің құрметі мен сеніміне ие болғаны анық.

Ел аузындағы аңыз-әңгіме желісі мен жүйесіне ден қойған тұста, Жылқайдарұлы Жолбарыс («Шұбар – Ата») жөнінде анық аңғарылатын жайттардың бірі: «...Ол қазақ халқының бетке ұстар беделді ұлдары: Ескелді би, Балпық әулие, Қабылиса Қабан жырау, Қаракерей Қабанбай батырлардың замандасы. Солармен бір кезең, бір дәуірде өмір сүрген. Қай уақытта болмасын халқының қамын жеп, мұңын мұңдап, жоғын жоқтап отырған. Қажет болған тұстарда елі үшін, жері үшін омырауын оққа тосып, жанын пида етуге даяр тұрған. Дұшпан ниетті сыртқы жаулардың басқыншылықтары мен шапқыншылықтарына үнемі тойтарыс беріп, әлділердің әлсіздерге жасайтын әділетсіздіктеріне үнемі тосқауыл қоя білген» (30-31- беттер). Бұл, әсіресе қазақ-жоңғар соғысы тұсында анық аңғарылған еді. Жоңғарлардың қазақтарға қарсы күресі, көбінде Жетісудың шұрайлы жері мен мал жайылымдарына қатысты болды. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезінде ел-жер үшін күні-түні ат үстінде болды. Ататарихтағы батыр бабаларымыздай: «...Тізеліні бүктірді, Бастыны еңкейтті. Түрк халқы үшін, Түн ұйықтамадым, Күндіз отырмадым...» (Орхон ескерткіштерінен),-деп күй кешті. Қилы кезенді, сындарлы сәттерді де бастан өткерді. Тастағы дастандар мен жыр болып төгіліп түскен шымыр шумақтардың мазмұны мен мәтінінен, сыр-сипаттарынан да елдік мұрат-мүдде, азаттық пен еркіндік миссиясы, өмір

тағылымы мен уақыт рухы терең танылады. Жыр жолдарынан жеткен:

*Ел басына күн туған заман өткен,
Бұл күнде ұмыт болып естен кеткен.
Етігімен су кешіп, ерлер жорттып,
Алты малта ас қылып, ат терлеткен.
Немесе:*

*Елім үшін жаным садаға,
Жерім үшін қаным садаға.
Екеуі үшін арым садаға,
Қан төксем, кегім үшін төгем,*

Жан қисам, елім үшін қиям!-деген елдік-ерлік серті, ататарихқа адалдық миссиясы қазақ халқының бастан өткерген зұлмат шындықтарын да еске салады. Бұл тұста, маңыздысы Жолбарыстың «Енші алуы», «Түйені шөгеруі», «Шыбық қию» деген рауаяттары мен «Жас шағындағы бір ерлігі», «Машықты соғыс тәсілі», «Үш қызыл аттылар» сынды аңыз желісі де елдік пен ерлік мәнін, адамдық борыш пен әділетті іс сипаттарын кең түрде көрсетеді. Батырлық болмыс, елдік-ерлік сипаттары, дәстүрге адалдық мұраттары, ұлттық құндылықтар қайнарларынан да Жолбарыстың адамдық әлемі, әділеттілікті жақтайтын бірегей қасиеттері, табандылығы мен төзімділігі танылады. Ал, «Адал ойлы, аңқау ана», «Райымбек әулиемен кездесуі», «Кезінде айтылған келісті сөз», «Болашақ биді болжауы», «Дос көңілмен» сынды ел әңгімелерінен де Жолбарыстың даналық дидагы танылып, елдік Һәм ерлік істері, отандық Һәм отбасылық құндылық қырлары, әулиелік Һәм көріпкелдік қасиеттері кеңінен көрініс береді. Әрі қысқа-нұсқа сөз мәйектері көрген-білген өмір тәжірибесін, терең мазмұнды ойлар желісін, берік ұстаным-қағидаттарын танытуымен де мәнді.

Жолбарыстан жеткен даналық дәйектері, халықтық қағидаттың үлгі-нұсқалары да ел аузында сақталып, кейінгі кезеңдерге жеткен. Оқып көрелік:

Ісіңді құдай төре менен датқаға түсірмесін,

*Көзіңді құдай көнелеу затқа түсірмесін.
Төреден билік оң болмас,
Көнеден пішіп тон болмас.
Осыны білмеген ел мен ердің,
Сірә да, оңынан жолы болмас!*

Немесе:

*Айналайын, келінім,
Ұстағаның алтын болсын,
Ақ жүзің әр кез жарқын болсын.
Келген жеріңе көрік бол,
Абыройыңа берік бол!
Отағасың Құлжамен,
Қайындарың Ескелі мен Балтыққа,
Ақыл сұрай қалса, серік бол,
Алла бағыңды әуеден жаудырып,
Жерден өндірсін.
Мәслихаттарыңды қау етпей,
Айтқандарыңды дау етпей,
Ақ періште өзі келіп көндірсін!-деген
жолдардан қоғамдық құбылыстардан
өзге, дүние дидары, дәстүр мәні мен
нәрі, өмір тағылымы, уақыт бедері мен
рухы, тәлім-тәрбие арналары кең орын
алады.*

Сондай-ақ, Қожай төренің барымталап әкеткен жылқылары Тарбағатай тауларын жерсінбей, көп ұзамай-ақ Жетісудағы байырғы өрістерін тауып келеді. Қожай төре бұған намыстанып, күндіз-түні тыным таппай, мазасыз күй кешеді. «Жолбарыс би малымды қайтарып берсін!», -деп қожадан шыққан Қоқырман деген молдасын жұмсайды. Қожай төренің сәлемін естіген Жолбарыс би өз кезегінде төмендегі жолдарды жолдайды:

*Төреде мал бар ма тоқалынан басқа,
Қожанда ар бар ма сақалынан басқа?
Төре міндетін білсін,
Қожа сүндетін білсін.
Төре мал десе, Алтайға шапсын,
Қожа ақылы болса, ауылын тапсын.
Төренің ойы дауда болса,
Қожаның діті сауда болса,
Жөнімен келіп, жүзгініске түссін.
Жайылым жақпаған мал иесін табады,
жарқыным.
Жала жапқан оның киесін табады,
жарқыным.*

*Оралған малдың Тінәлі деген иесі бар,
Қойдың – Шопаната, сиырдың – Зеңгібаба,
Түйенің – Ойсылқара,
Жылқының – Қамбарата киесі бар.
Төреде жатқан төреңе сәлемімді айт,
Жұмсаймын десе, қожаның қожасы бар,
Жасырып жұтатын кейбірінің бозасы бар.
Есің барда елің тап, Қожа, еліңе қайт,
Төреңе аман жетіп, менің осынымды айт!-
деген екен.*

Бұдан байқалатыны, Жолбарыс би өз кезегінде барымталап әкеткен жылқы жайын жақсы біледі. Әрі жерсінбеген жылқының байырғы өрісін табатынына да сенімі зор болады. «Тапқан қуанады, таныған алады», - деген халықтық қағидатқа да бек сенімді еді. Оның үстіне қожадан шыққан Қоқырман деген молдасының жүрген-қонған жерінде қанжығасындағы бозасын «сусын-дәрі» есебінде ауызға жиі алатыны да өзінен бұрын елге жетеді. Міне, Жолбарыс би осы ақиқат жайттарды тілге тиек етіп, халықтық қағидаттар мен өмір тағылымын негізгі назарда ұстап, әрі тиісті тұста Қоқырман молданың бетіне басады. Ақиқаттан аса алмаған, шындық жүзіне тура қарамаған Қоқырман молда жанарын жерден алмай, басын шұлғып, белі бүгіліп, аяғын әр жерден басып, келген ізімен кері қайтады. Анығында, Жолбарыс бидің жауап сөзі ататарихтың бедерін, халықтық қағидаттың терең мәнін, дәстүр мен дүниетаным арналарын, өмір тағылымын жіті танытады. Осы тұста: «...айрықша ақыл-ойымен, әділ ісімен айқындалған Жолбарыс бидің мәмілегерлігін айтар болсақ, бұған айғақ – Ресей мен Қытай елшілерін жарастыруы. Тағы бір тарихи куәлік – Орыс патшасы биді Қытайға елшілікке жұмсағанда – оның Алатауды көктей өткендігі жолының «Жолбарыс Емелі» атануы.

...Жолбарыс би – ел тарихы мен дәстүрлерінің білгірі, қоғамның тамыршысы ғана емес, табиғаттың да білімпазы. Себебі, «Жылдың төрт

маусымындағы елдің көші-қонын өзі ғана белгілеп», жөн-жосығын көтеріп отырған.

Халықтық даналық қағидаттарды жетік және ұлттық сөз өнерін терең білетін ол мән-мағынасы көркем термелерді: «Дулат аттың түгіндей, Жалайыр аттың төбеліндей» деп айтып отырады екен» [7].

Жолбарыс жөніндегі ел аузынан айтылатын аңыз-әңгімелердің бір алуаны – Қараменде әулиеге телінген бірқатар нұсқалары да бар. Атап айтқанда, «Қараменде әулиенің батасы», «Әулиелігін мойындатуы», «Түйені шөгеруі» сынды әңгімелерден Жолбарыстың батыр да би, әулие де көріпкел сынды сирек қасиеттері кеңінен көрініп, білген-түйген тәжірибелері, тәлімдік мәні, бастысы даналық дидагы бар қырынан жарқырап, айқындала түседі.

Сондай-ақ, «Екі бидің егіз ұл сыйлаулары», «Мен де бердім бір бала», «Тәуіпшілдігінен де бір хикая», «Жолбарыстың шыбығы», «Жолбарыстың бата беруі», «Ұлға дарыған ұлы қасиет», «Жалақорлықтың жазасы», «Құн даулай барғанда» т.т. ел аузынан айтылған әр алуан нұсқалар табиғаты мен мазмұнынан да Жолбарыс батыр һәм би, әулие һәм көріпкел төңірегіндегі аңыз-әңгімелердің ақиқат жайттары мен шындық шырағы, даналық дидагының тәлімдік һәм тағылымдық қырлары кең орын алады. Асылы, Ж. Жылқайдарұлының ақыл-нақыл, бата-тілек, шешендік һәм өсиет сөздері ел аузында сақталып, алыс-жақынға жүйелі жеткен. Олардың тұтас мазмұнынан ұлттық мұрат пен елдік мүдде мәні, бірлік-береке жайы, елдік пен ерлік шежіресі, дәстүр мен дүниетаным иірімдері, тарих пен таным арналары, ұлт пен ұрпақ қамы, отан мен отбасы тұтастығы, тәлім-тәрбие сипаттары кең түрде көрініс береді.

Өйткені, қазақ руханиятында, әсіресе би-шешендердің ұстаным жүйесінен, дүниетаным арналарынан бітімді шешім, ділмар сөз мәйегі молынан ұшырасады. Айталық, академик М. Әуезов «Әдебиет тарихы» еңбегінің «Билер айтысы» бөлігінде ел ішінде орын алған даудамайлар тұсындағы билік мәнін, таластартыс сипатын кеңінен көрсетеді [8,191].

Негізінен алғанда, билер дәуірі тұсындағы әр қилы тартыс һәм сайыс, бітім мен шешім, шешендік сөздер табиғаты мен тағылымынан өмір кезеңдері, көрген-түйген тәжірибе тәлімдері, уақыт рухы кең орын алады. Ойға алсақ, әрине: «...Шешендік сөздер – қазақ уағыз әдебиетіндегі шағын көлемдегі дидактикалық жанр. Қоғам өміріне, табиғат құбылыстарына байланысты терең ой, бейнелі шебер тілмен айтылған халық шығармасы, тақырыптық сөздер мен тұжырымдар.

Шешендік сөздің көпшілігі әуелгі қалпында сақталмаған. Жаттап алып таратушылардың, әр буынның өңдеп өзгертуімен, уақыттың сынынан өтіп, ұзын-ырғасы, тобықтай түйіндері, түйіп айтқан тұжырымдары қалған. Ішінара айтушылардың есімдері де сақталған. Негізінде, қоғамдағы қиянаттарға, әділетсіздіктерге қарсы наразылық ретінде туған Ш.с. нұсқалары өзін тудырған қоғаммен, себептермен бірге жойылып, біздің заманымыздағы қызметі көркем әдебиетке ауысты. Ш.с. – тапқырлық пен шешендікке үйрететін көркем сөз үлгісі ғана емес, халықтың көне тарихымен бірге жасасып келе жатқан тәрбиелік мәні зор халық даналығы» [9,555].

Жалпы, би-шешендердің қоғамдағы орнын, өмір өріміндегі өрнекті өрістерін еске алған тұста, бастысы ел бірлігін сақтап, татулық пен тұтастық жолында ерен еңбек еткенін де терең таныр едік. Осы орайда, анығын айтсақ: «...Қазақ

халқының басына өте қатерлі зобалаң туған шақта, жоңғар шапқыншылығы тұсында еліне пана болған, босқын азабын шегіп, естерінен танған аяулы адамдардың ортасында жүріп, тығырықтан құтылар жол сілтеп, жарғақ құлақтары жастық көрмеген қажырлы көсемдерден саналғанда да осы ақыл дариялары, алғыр ойшыл шешен билер. Олар сыртқы жауларын ғана бөгеп, олармен тіл табысып қоймай, өз елі ішіндегі алауыздықтарды бір жеңнен қол шығаруға жетеледі. Халық арасындағы бас бұзар бұзақы, ұры-қары, барымташы, қыңыр-қисықтарды да өз алдарына жүгіндіріп, оларға тиым салып, ел берекесін сақтауға бар күштерін жұмсаған жайсаң жандар болды. ХҮІІІ-ХІХ ғасыр қазақ тарихы елім, жерім деп еңіреген ерлерге де, шерменде шешен билерге де сорлы болған жоқ. Шапқыншы шет жаулардан, отаршылар ойранынан туған өлкесін сақтап қалу мақсатында жан аямай күрес жүргізген адал азамат, ел тағдырын уыстарынан шығармай жанталасқан от ауызды, орақ тісті шешен билер ұрпағын халық ұмытар емес. Олар қалдырған көркем туындылар қазір ұқыпты жинаушылары мен зерттеушілерінің назарында. Би-шешендерден жеткен ойлы, сырлы дүниелер қазақ көркем сөз өнерінің қорына қосылды. Олар халқымыздың ұлттық әдебиетінің өзіндік бетін танытатын, өзге елдер өнерінен өзгешелейтін таза, төл туындылар» [10, 312].

Жасыратыны жоқ, ел тарихының қилы кезең, сындарлы тұстарынан империялық басқыншылық, зардапты зобалаң, қуғын-сүргін көп болған-ды. Еске түсіру артық емес. Айталық, өткен кезеңде: «Жүз жылдық империялық қанау халқымыздың тұтастығын тутаалақай етіп келді. Империяның ежелден келе жатқан ұрандарының түп қазығы: «Бөліп ал да, билей бер!».

Бұл ұранның жан түршіктіретін мақсаты: тәуелді халықтың бет-бейнесін, ақыл-санасын, салт-дәстүрін, психологиясын, мінезін өзгертіп, тілін жойып, дінін жойып, жер-суының атына дейін өзгертіп, ұлттық сипаттан жұрдай ету.

Империяның өзі қандай болса, араны да сонша көп ашылмақ. Ол үшін жер бетінде айталық, қазақ деген халықтың болу-болмауының құны көк тиын. Ол үшін қазақтың халқы емес, бай жері керек. Жерді босатып, иемденуі керек. Қазақ та тірі жан, оңайлықпен жойыла қоймайды. Сондықтан да империя оны дүркін-дүркін қырғынға ұшыратты. Зеңбіректің күшімен. Қолдан жасалған жойқын ашаршылықтың күшімен.

Қазақ та тірмізік екен, жер бетінен тып-типыл жойыла қоймады. Енді идеологиялық шабуылды күшейту керек болды. Бұл салада империя көп жеңіске жетті. Сана уланды, тіл өлімсіреді, ұлттық рухани әлем күйреу халіне жетті. Осының салдарынан кейбір пақырлар өзін «қазақпын» деп қасқайып айтуға ұялып, намыстанатын ауруға ұшырады. Бұлар, амал жоқ, ұлттық нигилистерге айналды. Өз ұлтын жек көретіндерді, өз ұлтын өзгелерден кем санайтындарды осылай деп атайды.

Бұл үшін оларды кіналау да қиын. Оларды заман қалыптастырды, империя солай жаратты. Кезінде Қазақстанның астанасы Алматыда бірде-бір қазақ мектебі қалмаса, оларды қазақша білмейсің, қазақтық қасиетің жоқ деп қалай айыптайсың. Бұл қасірет» [11, 156].

Ал, қаламгер Нәм қоғам қайраткері Ө.Кекілбаев бұл жәйлі бұй дейді: «Отаршылдық атаулының зорлығы халықтың заңды наразылықтарын тудырды. Сырым, Атақозы, Саржала, Көктемір, Тіленші, Жоламан, Қасым, Саржан, Кенесары, Наурызбай, Исатай,

Махамбет, Асау, Барақ, Жанқожа, Есет, Бекет, Арынғазы, Иса, Досан, Сыпатай, Аққоз, Байзақ бастаған және 1916 жылғы көтерілістер секілді біреуі басылмай жатып, екіншісі бас көтеріп жататын ереуілдер тізбегінің аяғы жиырмасыншы ғасырдың басындағы азамат соғысына келіп ұласты. Қазақ халқы патшалық Ресейдің отаршылдығына ең көп қарсыласқан қауымдардың бірі. Хандардың тұсында-ақ көшпелілер шабуылынан қорғанамыз деп үш тараптан шыр айналдыра қоршап алған әскерлер шебі енді әлгі ереуілдерді жаныштауды сылтауратып, ішке қарай сұғына түсті. XIX ғасырдың орта тұсында қазақ даласының оңтүстік шекараларына дейін жетіп тынды. Ақмешіт, Түркістан, Ихан, Шымкент, Әулиеата, Мерке шайқастары отаршылдыққа мойынсұнбаудың жан-қиярлық үлгілерін көрсетті. Сырт қарағанда, амалсыз жасалғандай көрінетін бұл әскери баса-көктеу ұлттық биліктің түбіне біржолата жетіп тынуды көздеген шын мәніндегі басқыншылық соғыс еді. Елдің әлгіндей наразылығын пайдалана отырып, барлығына осылар кінәлі деп, ұлттық билеуші топтың көзіне құм құйылды. Сосын бүлікшілердің өзіне ауыз салынды. Сөйтіп, ұлтты саяси дәрменсіздендіруге екі есе қарқындылық бітті» [12,179].

Демек, Түркі Қағанатынан бермен қарайғы кезеңнің әр тұсынан-ақ азаттықты аңсаған арман-аңсар басым болғанымен, оның өзі көбінде басқыншылық-жаугершілікке ұласып отырған-ды. Отаршылдық ойранының мын сан арналы, көп қатпарлы тамырлы тұстары, айлалы һәм қулық-сұмдық, қуғын-сүргінге толы тұстары да анық аңғарылды. Ж. Жылқайдарұлы өмір сүрген кезеңде де күрделі һәм сындарлы сәттер көп болды. Жолбарыстың батырлық болмысы, би-шешендік қырлары осы кезеңде көрініс берді.

Жолбарыс жөніндегі арнау өлеңдер мен естеліктер жүйесінен, толғау-толғамдардан (Б. Жолбарысұлы, М. Саяқбайұлы, Н. Төрөқұлов, К. Тоқаев, Қ. Бұғыбаева, З. Елғондина, Қ. Қараман, С. Қазтаев, Н. Қалиұлы, Ш. Нүсіпов, Т. Сүгірбеков, Н. Телібаев т.б.) да адамдық борыш, батырлық болмыс, елдік пен ерлік қасиеттер, адалдық пен әділеттілік жолы, дәстүр мен дүниетаным мәні, ұлт пен ұрпақ қамы, ақиқат мәні, әулиелік һәм көріпкелдік сынды сипаттар кеңінен көрініп, даналық дидары бар қырынан жарқырай көрінеді.

Қорытынды. Жылқайдарұлы Жолбарыстың (1671-1761) өмір сүрген кезеңі мен ел әңгімелері, замандастары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа желісі үзілмей жеткен аңыз-әфсана, рауаят, дерек-материалдар жүйесінен өз кезеңінің біртуар данағөйі, батыр әрі би, әулие һәм көріпкел қасиеттері кеңінен көрінеді. Бұдан, сөз жоқ ататарихтың ауызша үлгі-үрдістері, шежірелік деректер мәні, елтану ісіндегі – тарихнама орны да көрініс береді. Тегінде: «Өзіңнің шыққан тегінді біл, бұл туыстарды жақындастыра түседі» деген Мұхамед (с.ғ.с.) пайғамбар сөзін еске алсақ, қазақ шежіресінің маңызы, елдік тарихнамадағы орын-үлесі арта түседі. Осы орайда, М.Ж. Көпейұлының шежірелік жинағының – «Мес» аталуы мәнді болса, профессор А. Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» (шежірелік деректерді пайымдау) еңбегінің (2008) елдік сипатының жоғары деңгейде екендігін жоққа шығару қиын. Ендеше, Ж. Жылқайдарұлының өмірі мен кезеңінен, анығын айтқанда бірегей болмысынан батыр әрі би, әулие һәм көріпкел қасиеттерінің кең түрде көрініс беруінің табиғилық мәні, тарихи сипаттары да бар. Ол, әсіресе кешеден бүгінге жеткен, ел әңгімелері арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан - батырлық

болмысынан, ақиқатты ту еткен - бітімді шешімінен, болашақты батыл болжаған - әулиелігінен, табиғат тылсымындағы өзгеше құбылыстарды жоғары рух пен сезім күші арқылы таныған - көріпкелдік қасиеттерінен де кең көлемде көрініс береді. Біздіңше, Ж. Жылқайдарұлының батырлығы мен әулиелігі, көріпкелдігі мен шешендігі өз уақытында қаншалықты маңызды-мәнді болса, қазіргі кезеңде елшілдік-отансүйгіштік. Үлгі елдік-ерлік шежіресі, ұлт пен ұрпақ қамы, тарих тағылымы, тәлім-тәрбиелік сипаттарымен де басым бағыттарға ие болады.

Жолбарыс Жылқайдарұлының бірегей болмысына тән елдік мінез, өршіл рух, өшпес өнеге өрнектері, ұлт татулығы мен тұтастығына негізделген жаратылыс құбылыстары, адами мұрат, имани нұрға толы даналық дидактикасының сан қырының халықтық сипаты мен шындығы осыған саяды.

Елдік мұрат, батырлық болмыс, өршіл рух тағылымы да осы.

Ататарих шындығы, елдік шежіре мәні де осы...

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев, Н. Абай аманаты. - «Астана ақшамы», 2020, 8 қазан. - 3 б.
2. Тоқасев, Қ.Ж. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. - «Егемен Қазақстан», 2020, 9 қаңтар. - 3 б.
3. Тоқасев, Қ.Ж. Абай – рухани реформатор – «Егемен Қазақстан», 2020, 10 тамыз. - 2 б.
4. Көпеев, М.Ж. Қазақ шежіресі [Мәтін] / М.Ж. Көпеев. – Алматы, 1993. - 96 б.
5. Сейдімбек, А. Қазақтың ауызша тарихы. Шежірелік деректерді пайымдау. [Мәтін] / А.Сейдімбек. – Астана: Фолиант, 2008. – 13 б.
6. Жолдасбекұлы, М. Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары [Мәтін] / М.Жолдасбеков, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек. – Астана: Күлтегін, 2001. – 3 б.
7. Қасқабасов, С. Тандамалы. [Мәтін] / С.Қасқабасов - Астана: Фолиант, 2014. - 300-301 б.
8. Өксікбаев, О. Елін сүйген ерен ер.- «Егемен Қазақстан», 2021, 18 мамыр. – 7 б.
9. Негимов, С. Жолбарыс би. - «Қазақ әдебиеті», 2021, 16 сәуір. – 4 б.
10. Әуезов, М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. – 191 б.
11. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық [Мәтін] / Қазақ әдебиеті - Алматы: Аруна, 2005. – 555 б.
12. Сүйіншәлиев, Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық [Мәтін] / Х.Сүйіншәлиев- Алматы: Санат, 1997. – 312 б.
13. Мұртаза, Ш. Намыс найзағайы [Мәтін] / Ш.Мұртаза – Астана, 2017. – 156 б.
14. Кекілбаев, Ә. Дәуір дауысы [Мәтін] / Ә.Кекілбаев – Астана, 2016. – 179 б.

Р.С.Турысбек, А.Е.Аимбаев*

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

НАРОДНАЯ СУЩНОСТЬ И ДУХ МУЖЕСТВА

Аннотация. Если внимательно взглядеться в историографию нации, то на протяжении разных эпох жили выдающиеся личности: знаменитые ханы и батыры, поэты и жырау, ораторы и бии, лидеры и полководцы, уважаемые матери, известные люди, чьи жизни служат образцом. Особенно они заботились о благополучии народа, целостности земли, единстве Отечества и семьи, связи истории и познания, течения жизни, значении воспитания, миссии согласия и единства. (Например: Эций (Аттила))

каган, Байдибек, Домалақ ана, Күлтегін, Тоныкөк, Қорқыт, Аль-Фараби, Қарахан, Айша бибі, Қарабура, Ж. Баласағұн, Қ.А. Ясауи, Майқы би, султан Байбарыс, Асан кайғы, Жиренше шешен, ханы Керей и Жәнібек, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Бұхар жырау, С. Датұлы, Бөлітік шешен, М. Өтемісұлы, С. Аронұлы, Жамбыл, Ыбырай, Абай, Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытұлы, Т. Рысқұлов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Қастеев, А. Жұбанов, Б. Момышұлы, Д. Қонаев, К. Бәйсейітова, Н. Тілендиев, Т. Әубәкіров и др.). В современную эпоху значение и актуальность этих личностей особенно возрастает. Основы независимости и требования Нового Казахстана направлены на обеспечение развития страны, уважение к историческому наследию и соответствие мировым процессам и цивилизационным стандартам. Суть этого: верность национальной истории, уважение к человеческой жизни и труду, приверженность традициям государственности и героизма, распространение воспитательных ценностей.

Ключевые слова: родословие, поэтическое наставление, легенды и предания, созвучие, ораторское искусство, словесное мастерство.

R.S.Turysbek, A.E.Alimbayev* - *L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

FOLK ESSENCE AND THE SPIRIT OF VALOR

Abstract. If you look closely at the historiography of the nation, then outstanding personalities have lived throughout different eras: famous khans and batyrs, poets and zhyrau, orators and biys, leaders and generals, respected mothers, famous people whose lives serve as a model. They were especially concerned about the welfare of the people, the integrity of the land, the unity of the Fatherland and family, the connection between history and knowledge, the course of life, the importance of education, the mission of harmony and unity. (For example: Ethil (Attila) kagan, Baydibek, Domalak ana, Kultegin, Tonykok, Korkyt, Al-Farabi, Karakhan, Aisha bibi, Karabura, J. Balasagun, K.A. Yasawi, Maiki bi, Sultan Baybarys, Asan kaygy, Zhirenshe sheshen, Khans Kerey and Zhanbek, Tule, Kazybek, Aitek, Bukhar zhyrau, S. Datuli, Boltirik sheshen, M. Atemisuly, S. Aronuly, Zhambyl, Ybyray, Abai, A. Bokeikhan, A. Baytursinuly, M. Zhumabaev, J. Aimauytuly, T. Ryskulov, M. Auezov, S. Mukhanov, G. Musirepov, A. Kasteev, A. Zhubanov, B. Momyshuly, D. Konaev, K. Beiseyitova, N. Tilendiev, T. Aubakirov, etc.). In the modern era, the importance and relevance of these personalities is especially increasing. The foundations of independence and the requirements of the New Kazakhstan are aimed at ensuring the development of the country, respect for the historical heritage and compliance with world processes and civilizational standards. The essence of this is loyalty to national history, respect for human life and work, commitment to the traditions of statehood and heroism, and the dissemination of educational values.

Keywords: genealogy, poetic instruction, legends and traditions, harmony, oratory, verbal mastery.

References

1. Nazarbaev N. Abai amanaty [Abai's legacy] - «Astana akshamy», 2020, 8 October. – 3 p.
2. Tokaev K.Zh. Abai zhane XXI gasyrdagy Kazakhstan. - «Egemen Kazakhstan», 2020, 9 January. – 3 p.

3. Tokaev K.Zh. Abai - ruhani reformator - «Egemen Kazakhstan», 2020 , 10 August. – 2 p.
4. Kopeev M. Zh. Kazakh shezhiresi [Genealogy of Kazakhs] - Almaty, 1993, 9 p.
5. Seidimbek A. Kazakhyn auyzsha tarihy. Shezhirelik derekterdi paiymdau. [Oral history of Kazakhs. Reasoning of genealogical data]- Astana: Foliant, 2008. – 13 p.
6. Zholdasbekuly M., Salgarauly Қ., Sejdimbek A. Eltytka. El tarihnyn aigili tulgalary [Eltytka. Famous personalities of the country's history]. - Astana: Kultegin, 2001. – 3 p.
7. Kaskabasov S. Tandamaly [Collection of Selected Works]. – Astana: Foliant, 2014. - 300-301 p.
8. Oksikbaev O. Elin suigen eren er [Elin suigen eren er]. - «Egemen Kazakhstan», 2021, 18 may
9. Negimov S. Zholbarys bi [Zholbarys bi]. – «Kazak adebieti», 2021, 16 april
10. Auezov M. Adebiet tarihy [History of literature]. - Almaty: Ana tili, 1991. – 188-191 p.
11. Kazak adebieti. Ensiklopedialyk anyktamalyk [Encyclopedia reference book]. - Almaty: Aruna, 2005. – 555 p.
12. Suinshaliev H. Kazak adebietinin tarihu [History of kazakh literature]. Okulyk. - Almaty: Sanat, 1997. – 312 p.
13. Murtaza Sh. Namys naizagaiy [Lightning of Honor]. - Astana, 2017. – 156 p.
14. Kekilbaev A. Daur dauysy [Voice of the era]. - Astana, 2016. – 179 p.

5.02.25 ж. баспаға түсті.

11.03.25 ж. түзетулермен түсті.

25.03.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

Мақалаға сілтеме:

Тұрысбек, Р.С. Елдік мәні мен ерлік рухы [Мәтін] / Р.С.Тұрысбек, А.Е. Алимбаев // *Dulaty University Хабаршысы*. – 2025.- №1 – Б. 43-55 <https://doi.org/10.55956/BMBE6005>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).